

**Тыңдалым дағдыларын жетілдіру жолдары**  
*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі*  
*Ұлттық тестілеу орталығы ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту басқармасы*  
*Тест тапсырмаларын қалыптастыру ғылыми әдістемелік зертханасының*  
*меңгерушісі Гулзамира Жанайбаевна Кулманова*

**Аннотация:** Мақалада сөйлеу әрекетінің рецептивті түрі – Тыңдалымның маңызы, мақсаты, тілді меңгерудегі рөлі сипатталады. ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі Тыңдалым бөлігін бағалау үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру әдістемесі туралы мәліметтер ұсынылады.

**Кілт сөздер:** тіл үйренуші, дағдылар, тыңдау, түсіну, зейін қою, ойлану, назар аудару, ақпаратты қорыту

Тыңдалым дегеніміз ақпаратты құлақпен есту арқылы қабылдау. Әрбір жекелеген дыбыстарды (әріп, ритм, пауза, сөз, сөз тіркесі және сөйлемді) қабылдап, оны ми арқылы мағынаға ие болатын хабарға айналдыру немесе түсінуге тырысу.

«Тыңдау» термині есту арқылы сөйлеуді қабылдау және түсіну процесі. Тыңдалым – сөйлеу әрекетінің рецептивті түрі, қабылдаушы дағдылар қатарына жатады. Ол адамның сөйлеуді есту арқылы қабылдауын және түсінуін білдіреді. Тыңдау қарым-қатынас жасауға әкеледі. Тыңдалымның басты мақсаттарының бірі – қабылданған ақпаратты, хабарды, әңгімелесуді, жаңалықтарды, нұсқаулар мен тапсырмаларды түсіну. «Түсіну – сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу мен сөйлесу жүзеге аспайды» - дейді ғалым Ф. Оразбаева. Сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді.

Белгілі педагог Е.Н. Соловова тыңдаудың негізгі төрт механизмін атап көрсеткен: сөйлеуді есту, есте сақтау, ықтималдық болжау, артикуляция механизм.

Сөйлеуді есту – олардың ішінде маңыздысы. Ол ауызша сөйлеуді қабылдауды, оны мағыналық синтагмаларға, сөз тіркестеріне, сөздерге бөлуді талап етеді. Соның арқасында ағымдағы таныс бейнелерді тануға мүмкіндік болады. Ауызша сөйлеуді түсінуге оны есту жеткіліксіз.

Естіген және тыңдалған ақпаратты есте сақтау қажет. Демек, жады тыңдаудың маңызды тетігі болып табылады. Жадының 2 түрі бар: қысқа мерзімді жады (жұмыс жады) және ұзақ мерзімді жады. Тілдік бағалауда іске қосылатын жады түрі ол – қысқа мерзімді жады. Аткинсон мен Шиферин (1968) қысқа мерзімді есте сақтау адамның жадында негізгі орын алатынын анықтады. Баддели мен Хитчтің (1974) кейінгі жұмыстарында ол «Жұмыс жадысы» деп аталады. Жұмыс жадысының қозғалысы мидың бірнеше бөліктерін бір мезгілде іске қосатын күрделі процесс. Мұнда тыңдау кезінде

ойлау, көру, оқу, қозғалыс, сөйлеу және эмоция орталықтары қатар жұмыс жасайды. Жұмыс жадында ақпараттың сақталу ұзақтығы 30 секундтан бірнеше күнге дейін созылады. Ал, қабылданатын ақпарат көлемі 5-15 сөйлем яғни адам миы осы көлемдегі ақпаратты жұмыс жадында уақытша сақтап, қорыта алады. Сондықтан тыңдалым дағдыларын жетілдіруде жұмыс жадысын дамыту маңызды болып табылады.

Мағыналық болжам контексті білумен анықталады. Белгілі бір құрылымдарды, клише, сөйлеу, оқу, жазу, лексика мен грамматика нақты қарым-қатынаста, әсіресе сабақта тығыз қолданылып, тыңдалым мағыналық жағынан нығайтыла түсуі тиіс.

Тыңдалым дағдыларын қалыптастыру мен жетілдіруде артикуляция яғни дыбыстау механизміне мән беру тыңдаудың сапасын арттырады. Тыңдалатын аудиомәтіндердің қиындығы тыңдаушының тілді білу деңгейіне сай болу керек. Сөйлеу қарқыны ақпаратты түсінудің жылдамдығын, дәлдігін, тиімді есте сақтауды қамтамасыз етеді. Тыңдалымды бағалау кезінде жоғарыда айтылғандарды ескеру жөн.

Тыңдаушы сөйлеушіні үнемі назарда ұстауы керек. Тыңдалым дағдысы қалыптасқан тіл үйренуші аз қате жібереді. Тіл үйренушілерде жиі кездесетін қателердің бірі тыңдау мен естуді бір деп санау. Бұлар екі түрлі әрекет: есту – белсенділігі төмен әрекет болса, тыңдау – белсенділігі жоғары әрекетке жатады. Есту – алынған ақпаратты ұғынуды қажет етпесе, тыңдау – естіген ақпараттан мағыналы хабар алынатын күрделі үдеріс. Тыңдау сөйлеушінің айтқанына зейін қойып, барлық назарын аударып, алаңдамай отырып саналы түрде ұғынуға тырысатын белсенді әрекет. Ақпараттың мазұнымен мағыналы байланыс орнатылған кезде ғана адам толық ұғынып, оны түсінеді және тыңдалым әрекеті жүзеге асады. Тыңдалым дағдысын қалыптастыру уақыт пен ерен еңбекті талап етеді. Күрделі ойлау үдерісінде назар аудару, зейін қою, есте сақтау, естіген ақпараттан мағынаны табу және саналы ойлану сияқты мида бірнеше іс-әрекет жүзеге асады.

Тыңдалымды жетілдіретін дағдылар мен амалдар:

Дағдылар	Амалдар
Білім: сөздің фонетикалық, грамматикалық құрылысын ести отырып қабылдай білу	Түсіну мен жаттау
Сөздік: естіген сөзді мағынасымен сәйкестендіру	Мәтінді түсіну үшін тыңдау
Қарым-қатынас: алдына мақсат қоя отырып тыңдау және оны сөйлеушінің көрқарасымен біріктіре отырып түсіну	Жағдаяттарды шешу үшін мақсат қоя тыңдау

Тыңдалымды меңгертуге арналған мәтіндер тіл үйренушінің тілді білу деңгейіне, жас ерекшелігіне, мақсатына, қажеттілігіне қарай таңдалып, іріктеліп алынады және бейімделеді. Тіл үйренушіні қызықтыратындай

диалог және монолог түрлерін таңдап алу тыңдалымның негізгі талаптарының бірі. Тыңдалған ақпарат қарым-қатынас жасауға негіз бола алуы қажет.

Бағалау тестілеуі кезінде уақыттың шектеулі болуына байланысты тіл үйренуші тыңдалымның ауқымды түсіну, экстенсивті (кеңейте) ұғыну түрлерін пайдаланады. Тіл үйренушіден тыңдалған аудиомәтіннің мағынасын түсініп, ауқымды ойлай алуы керек. Шектеулі уақыт аралығында аудиомәтіннің мазмұнына толықтай назар аудара отырып, зейін қоя тыңдап, есте сақтау арқылы тыңдалған ақпаратты саналы түрде қорыта алу дағдылары талап етіледі. Сондықтан тестілеуге дайындық барысында осы дағдыларды қалыптастыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілін оқытудың талаптарын анықтайтын *ҚР СТ 1926-2015, ҚР СТ 1928-2015, ҚР СТ 1929-2015, ҚР СТ 1925-2015, ҚР СТ 1927-2015 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттары*, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2015.

2. ҚАЗТЕСТ тест тапсырмаларының спецификациясы: Тыңдалым бөлігі.

3. Рогова Г. В., Рабинович Ф. И., Сахарова Т.Е. «Методика обучения иностранному языку в средней школе» М., Просвещение 1991. - С. 134 - 141.

4. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: базовый курслекций. 4-е издание. М.: Из-во «Просвещение», 2006. С.78-79.

5. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер.-Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 бет.

6. Тілдік дағдыны дамыту: қиындықтары мен шешу жолдары, Астана, 2017.

7. Carrel, P.L., J. Devine, and D. E. Eskey (eds.). 1998. *Interactive Approach to Second Language Reading*. New York: Cambridge University Press.

8. Kress, G. 1985. *Linguistic process in Sociocultural Practice*. Oxford: Oxford University Press.

9. Widdowson, H. G. 1979a. *Explorations in applied Linguistics 2*. Oxford: Oxford University Press.